

**«Достық» клубы** - студенттер арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру үшін құрылған. Шет ел студенттерін қатыстырып, іс-шаралар ұйымдастыруда басшылық жасайды. «Достық» өзге ұлт өкілдері студенттерінің клубы гуманитарлық факультет жанынан құрылған.

#### КЛУБТЫҢ МАҚСАТЫ:

- университетімізде қазақстандық патриотизмді дамыту, ұлтаралық татулық пен келісімді жетілдіру, Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени тұтастығын нығайту;
- әр ұлттан дарынды студенттерді іріктеп, оларды мәдени-қоғамдық іс-шараларға тарту;
- студенттердің отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімдерін арттыру;
- қоғамдағы жастардың өміріне қатысты өзекті мәселелерді талқылап, сараптап, пікір алмасып отыру. Басқа оқу орындарындағы клубтармен байланыс орнату;
- ұлтаралық достықты нығайтуға үлес қосу, дамыту;
- қазақстан халқының ұлттық мәдениетін, тілдері мен дәстүрлерін өркендету, сақтау және дамыту;
- студенттердің арасында іс-шаралар өткізе отырып, олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру, өз ойын жеткізе алу, сөйлеу шеберлігін шыңдау.

Клуб мүшелері «Тіл - достықтың кепілі» атты кездесу кешіне, «Біз - бір отбасымыз» тақырыбындағы дөңгелек үстелге, Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Бірлігіміз жарасқан» фестивалін өткізуге атсалысып келеді.

«Достық» клубына - 25 студент мүше.

Клубтың жетекшісі - Қазақстан тарихы кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к Енсепов Б.Б.



